

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

## К ДВАДЦАТИЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘОЖ 327 (574)+(412)

Н.А.Бейсенбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### **XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы**

Мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ халқының зиялы қауымы еңбектеріндегі ұлттық тәуелсіздік идеясы негізінде, жаңашыл заманда ұлттық идеяны дамыту қажеттілігі қарастырылған. Автор, қазақ халқының тәуелсіздігі — ең алдымен, ұлттық мемлекетті құруда, қазақ халқының тілін сақтап қалуда және де рухани дамуында деп, атап өтеді.

*Кілтті сөздер:* қазақ халқы, ұлт, ұлттық идея, Алаш, тәуелсіздік, тіл, қазақ тілі, рухани болмыс, жаңашыл заман, күрес.

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздік күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқақ білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Жақып Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев, Ғабдұлғазиз Мұсағалиев, тағы басқалар, бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

Шын мәнінде олар ғұмыр кешкен XX ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен, әрі осыған орай өздерінің ойлау, болжау қасиеттері айырықша, энциклопедиялық білім, талғам-танымдары жан-жақты алыптарды дүниеге келтірген дүбірлі заман болды.

Бірақ жылдар бойы Кеңес өкіметі жүргізген озбырлық пен қырып-жоюға, тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың тікелей салдарынан халқымыздың сана-сезімі өлшеусіз де орын толмас жұтандыққа ұшырап, оның интеллектуалды ауқымының қарыштап, дамуына үлкен нұқсан келді. Соның тікелей кесірінен Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы адамзат өркениетінің төрінен орын алған ірі тұлғаларымызға «байшыл», «кертартпа», «діншілдер» деп ойдан шығарылған, цензура арқылы тыйым салынды. Партиялық талап, марксистік-лениндік идеология қазақ халқының дарынды дара перзенттерінің бостандық пен ұлт тәуелсіздігі үшін аянбай тер төккен, қабырғалары қайысқан ерекше еңбектерін большевиктік көзқараспен біржақты бағалап, оларды мемлекетке «қажетсіз» санап, жетпіс жылдан астам мерзімге жоққа шығарды.

XX ғасырдың басында орталық Қазақстанда туып, ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақ зиялылары — Ә. Бөкейханов, Н. Нұрмақов, Ж. Сәдуақасов, Ж. Ақбаев, тағы басқалардың еңбегінде қазақ халқының тәуелсіздігі, жерінің азаттығы, азаматтық құқығының жоқ болуы туралы ой-пікірлер, ұсыныстар, азаттыққа жету жолдары туралы терең тұжырымдар жасалған [1].

Тарихшы-ғалым ретінде Бөкейханов халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісінің орасан зор маңызын түсінді. 1926 жылы ол орыстың тарихшысы, профессор Шестаковпен бірігіп, көтерілістің 10 жылғы мерейтойына арнап, «1916–1926» атты еңбек жазып шығарды. Онда қазақ көтерілісінің Ресей Империясының қоластындағы башқұрт, өзбек, қырғыз сияқты халықтардың да бас көтеруіне

үлкен себеп болғандығына назар аударады, көтерілістің 1917 жылы патшаны тақтан құлатудағы елеулі ролін айтады, ол қазақ көтерілісінің қаналушының қанаушыға қарсы «таптық» сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын көрсетеді [2]. Қарусыз бейбіт халықты қырған, патша әскерінің қинаяттық іс-әрекеттерін сынайды.

Ә. Бөкейханов қазақ халқының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері мол мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, сенім-нанымын, өнерін зерттеп жазып, айтарлықтай мұра қалдырған. Ол қазақ ұлтының жүздік, рулық-тайпалық құрылымын зерттеген, қазақтың шежіресін жазған. Ол Павлодар мен Қарқаралы уездерін мекендеген қазақтардың және төле мен төлеңгіттердің шежіресін жазып, оны Ф.А. Щербина экспедициясы «Материалдарының» IV (1903) және IV (1905) томдарында жарияланған [3].

Ә. Бөкейханов жазған «Аңқау елге — арамза молда» [4], немесе «О киргизских поминках» [5], атты мақаласы өте қызық. «Би һәм билік» [6] атты мақаласында қазақтың заң мен билік мәселелері баяндалады. Қазақ халқының тәуелсіздікке қол жеткізуінің бір жолы — ол Мемлекеттік думаға қатысуы арқылы қазақ халқының құқығын қорғауға болады деп сенді. Ол Орыстың география қоғамының Батыс-Сібір бөлімі мүшесі ретінде қоғамның ғылыми мәжіліс-жиналыстарында қазақтың мәдениеті, тұрмыс салты, өнері жайында баяндамалар жасап, дәрістер оқыған. Сол арқылы өз ұлтының басқа ұлттармен қатар тәуелсіз өмір сүруге болатындығын дәлелдеуге ұмтылған. Ол орыстың ғалымы Г.Н. Потанинге қазақ халқының ән-күйін, ою-өрнегін, тұрмыстық құрал-сайманын жинасып, Томск қаласында қазақтың өлкетану музейін ашуға көмектеседі. Оның әрбір іс-әрекеті Қазақстанның дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру мақсатына арналады.

Ә. Бөкейханов Ф.А. Щербина бастаған «Жер жөніндегі министрліктің ғылыми экспедициясына» қатысады. 1896–1901 жылдары аралығында бұл экспедициясы сол кездегі Қазақ өлкесінің Ақмола және Семей облыстарының 12 уезіне жұмыс жүргізді. Әлихан Бөкейханов бұл экспедицияға дейін Тобыл губерниясында жүргізілген санақ жұмыстарына қатысып, тәжірибе жинақтаған. Сондықтан да Щербина экспедициясына жеке зерттеу тобын басқарған. Экспедицияның негізгі мақсаты — XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Ресей үкіметінің қоныстандыру саясатының объектісіне айналған қазақ даласын жан-жақты зерттеу [7]. Қазақ шаруашылығын үйді-үй қора-қора басымен есепке алу, жайлау, қыстау, егіндік, шабындық жерлердің көлемін анықтау арқылы, қазақтың жер-суын, орман тоғайын, шөл-даласын есепке алу керек болды. Экспедиция жұмыстары біткеннен кейін жиналған бай материалдарды іріктеп, белгілі тәртіпке келтіріп өңдеп, ғылыми қорытындысын жазысады. Қажетті деген ғылыми есеп кестелерін жасайды. Жер-судың карталарын сызады. Қазақтың шаруашылығына, егіндік, шабындығына, қыстау, жайлауына ғылыми сипаттама береді. Жиналған деректерге сүйене отырып, Павлодар, Қарқаралы, Семей, Омбы уездеріндегі «байырғы тарихи аудандарын» анықтап, оны картаға түсіреді. Қазақ шаруашылығының экономикалық тиімділігін есептеп шығарады. Экспедицияның қорытындылары 1903–1905 жылдары аралығында 13 том болып жарыққа шыққан. Ғалымның «Павлодарский уезд», «Родовые схемы киргиз Каркаралинского уезда», тағы басқа еңбектері жарық көрді [8]. Осы еңбектерінде Ә.Бөкейханов қазақ халқының мүддесін қарапайым мысалдар келтіре отырып қорғағаны байқалады.

Ә. Бөкейхановпен қатар қазақ халқының тарихында саяси ұйымның белсенді көсемдерінің бірі Ә. Ермеков болды. Ол Алаш партиясының мүшесі болып, өмірінің соңына дейін қалады. Оның еңбектерінде ұлт жандылығы, өз принципіне берікті, езілген қазақ халқының қамын ойлап, тек соның азаттығы үшін жұмыс атқарғандығы сезіледі. Ол Кеңес үкіметіндегі басқа партияға мүше болмайды. «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттерінде Алаш партиясының негізгі бағдарламасын насихаттап, қазақтың нағыз жанаршылары осы партияның төңірегіне топтасу керек дейді. Ақпан революциясынан кейін барлық қазақ зиялылар сияқты, Ә. Ермековте қазақ үшін бостандық, теңдік күні туды деген рухани серпіліс болады. Ендігі мақсат — автономия алу, оның қаншалықты қажеттігін жан-жақты дәлелдеу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласады. Оның пікірінше, Ресей мемлекетінің шет аймақтарындағы өмір салты, даму дәрежесі өзінің ұлттық негізінде болу керек. Қазақ халқы үшін шаруашылығына сәйкес, тұрмыс тіршілігіне, әдет-ғұрпына лайықтап, заң шығару тек қазақ халқының өз үкіметінің міндеті дейді [9]. Ә. Ермеков бастаған семейлік Алаш төңірегіндегі топтасқан ұлт зиялылары құрылтай жиналысына, депутаттар сайлау жұмысына да айналысады. Ол қазақ халқының өзінің басты мақсаты — ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келтіруге тиіс деген ойды өмірінің соңына дейін насихаттайды. Ә. Ермековтың қазақ ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасуы, дамуы, әсіресе оның Алаш партиясындағы саяси қызметі, оның қазақ жеріндегі отарлық езгіден азат ету жолындағы саяси күресінің нақты айғағы. Отаршылдық саясаттың ауыр зардабы, ашаршылық пен күйзеліс Уақытша үкіметтің жалған уәделері, қазақ ұлтына теңдік алу

жолындағы күресінде кедергі болды. Ә. Ермаковтың көзқарасында Қазақ төңкерісінің жеңісімен байланысты жаңа бағыт байқалды. Оның пікірі бойынша, «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы» (1917 ж. 2 қараша) мен Кеңес үкіметінің «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне үндеуінде» (1917 ж. 20 қараша) жарияланған негізгі бағыттардан үлкен үміт күтті. Сол үміттің арқасында ол 1920 жылы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Уақытша әскери революциялық комитет қатарына өтеді. 1917 жылы 17 тамызда Мәскеуде өткен Халық комиссарлары Кеңесінің мәжілісінде Ә. Ермаков қазақтар мен орыс қоныстанушылардың қазақтардан тартып алған жерлерін ежелгі иелеріне қайтаруды талап етіп, жер реформасын жүргізу және қазақ жерін, оның орыс отарлауына дейінгі шекарасы белгілеуді талап еткен баяндама жасайды. Ә. Ермаковтың қазақ халқы үшін атқарған қоғамдық-саяси қызметінің бір маңызды кезеңі Алаш үкіметі тарихынан кездеседі. Алаш қозғалысының жетекшілерімен бірге ол да қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешімді қолдайды. Ақпан революциясы әкелген жалпы демократиялық федерация мен Құрылтай жиналысын қолдап, ел ішіне бүлік салған большевиктердің саясатын сынайды. Ә. Ермаков, басқа қазақ зиялылары сияқты, антибольшевиктік күштерді қолдау арқылы, ең алдымен халықтың амандығын, елдің тұтастығын сақтауға ұмтылады [10]. 1918–1919 жж. бүкіл елді қамтыған шиелініске толы уақытта зиялыларымен бірге Ә. Ермаковте Қазақстанның екі топтың ортасындағы қантөгіс майданынан құтқаруға, қазақ елінің дербестігін қамтамасыз етуге барлық мүмкіндіктерді қолданады. Сол кездегі қазақ күрескерлерінің басында болған Ә. Ермаков ел тәуелсіздігін жоғары қойып, бірін-бірі күшпен алмастырған әр түрлі орыс үкіметтерімен жүргізген келіссөздерге араласып отырды. Ұлттық мүдде үшін туған халқының игілігі үшін күрескен Ә. Ермаков, тағы басқа қазақ зиялылары Кеңес үкіметінің құдалау саясатына тап болды.

1921 жылы РКП (б) X-ші съезінде ұлт мәселесі туралы проблема көтерілді. Осы съезде қосымша баяндама жасаған Ә. Ермаков қазақ даласының жалпы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайына тоқталды. Ол былай деді: «Каспий теңізі теріскей жағасындағы ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын құмына дейін созылған, шаруашылыққа тиімді шығанақ-бұғазды орыс помещиктеріне, алпауыттарына әперілген, басқаша айтқанда, П.А. Столыпиннің Мемлекеттік думада «қазақ жерін игеру» деуінен кейін «Миллионный фонд» деп аталған өңірді және Ертістің қазақ жерінде ағатын өне бойының екі жағын, он шақырымнан қатарлыстыра кесіп алып, сібірлік казак-орыстарға тартып әперген жерлерді болашақ Қазақ республикасына қосу керек» деп айтады [10; 134]. Бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздігін алу жолындағы күрес тарихында Ә.Ермаковтей тұлғалардың еңбектері өте зор.

Орталық Қазақстанның тарихи тұлғаларының бірі — Ж. Садуақасов. Ол 1924 жылдың қыркүйек айынан 1925 ж. мамыр айына дейінгі аралықта Қызылорда қаласында Қазақ автономиясының Халық Комиссариатының орынбасары болып қызмет атқарады. Осындай қызметте жүргенде Қазақ мемлекетінің өз алдына дербес басқару жүйесін қалыптасуына мәдени-шаруашылық құрылысының дамуына көп еңбек сіңірді. Әсіресе оның 1928 ж. Юстиция Халық Комиссариаты және Республика прокуроры болып қызмет атқарған кезінде Қазақстанда заңдылықты нығайтуға, заң кадрлерін тәрбиелеуге халықтың мүддесіне қажетті заңдарды қабылдауға, мемлекеттік заңдылықты сақтау жолында зор еңбек сіңірді. Оның пікірінше, Қазақстанның заң органдары Орталық әкімшілік органдарға тәуелділігі Қазақстанда тәуелсіз мемлекет ісін алға бастыруға кедергі келтіреді. Кеңес үкіметінің байларға қарсы ашық күресі, қазақ халқының сайлау құқығынан айырудың бір жолы деп түсінді. Қазақстандағы байлардың малын тәркілеу туралы іс-әрекеттің барысында халықтың наразылығы туралы арыздарды талқылай келе, жергілікті билік органдарының, билікті шектен тыс орынсыз пайдалануы болып жатқандығын дәлелдейді. Әсіресе ол ел ішінде орнаған заңсыздықтарды жоғарғы органдарға хабарлауды өзінің мақсаты санайды. Сөйтіп, 1924 ж. 3 қазанда Қазақстан атқару комитетіне жіберген хабарында ол былай деп жазды: «Кеңестік аппараттың жекеленген адамдарының тәркілеу процесінде қылмыстық істер жасағандығы анықталып отыр» [11]. Осылайша Кеңес үкіметінің Қазақстан даласындағы жүргізген саясатының өрескел қателіктерін ашық білдіріп, өз басын қатерге тігеді. Ж.Садуақасов қазақтың басқа зиялыларымен бірге Қазақстандағы мәдени құрылыстың дамуына үлкен үлес қосады. Әсіресе ұлттық баспасөзді күшейті, ғылыми-мәдени мекемелерді ұйымдастыру, қазақ әдебиетінің болашағы туралы және жастарды оқыту мәселесіне, аштықпен күрес жұмыстарына белсене араласып, XX ғ. басындағы тәуелсіз Қазақ автономиясының дамуына өз үлесін қосады.

Орталық Қазақстанның саяси тұлғаларының бірі, қазақтың алғаш заң магистрі Ж.Ақбаев [12]. Өзі заңгер болғандықтан, қазақ даласындағы қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, патша

үкіметінің XX ғ. басындағы қазақ даласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын сынап, қазақ халқының атынан атақты «Қарқаралы петициясын» жазып, сол арқылы қазақтың жерін, құқығын, рухани дамуын тежеп отырған фактілерді анықтап, патша атына хат жолдады. Соңғы кездері ғана қазақ зиялылары, соның ішінде Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметі туралы алғашқы зерттеулер шыға бастады [5]. Ол 1905 – 1907 орыс революция жылдарындағы қазақ даласындағы азаттық қозғалыстың басында болды. Қазақтардың арасында сайлау, жер мәселесі, рухани бостандық, саяси теңдік мәселелер жөнінде заңгер ретінде ашық үгіт-насихаттын жүргізді. XX ғ. басында қазақ зиялыларының еңбектерінде тәуелсіздік идеясы басты мақсат болып қойылды. Солардың ерен еңбектерін іс жүзінде шындыққа айналдырып, бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуын тарихи белеске көтерген, сол жолда барлық өмірі мен қызметін арнаған ел Президенті де Орталық Қазақстанның өнеркәсіпті, мәдени, тарихи өлкесінде саяси күрескер, тарихи тұлға ретінде қалыптасты. Оның танымдық, тәрбиелік, теориялық мәні жоғары еңбектерінде тәуелсіздік үшін бейбіт замандағы күрес жолдары, асыл арманға жету мақсаттары көрсетілген [13]. Олай болса, бүгінгі Орталық Қазақстан жерінде өмірге келіп, қызмет атқарған тарихи тұлғалардың еңбектерін жас ұрпаққа оқытып үйрету, сол арқылы тәуелсіздікті нығайту — бүгінгі қазақ зиялыларының басты міндеті.

Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейі мен рухани парасатымен танылған алаш азаматтары ұлт болашағы үшін күресін, бостандық пен бақытты өмір сүруге шақырған отансүйгіш азаматтар шықты. Солардың қатарында Павлодар облысы Баянауыл ауданында 1893 жылы туған ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол 1912–1914 жылдары Троицк қаласында Рахманқұлидың медресесінде оқиды. «Айқап», «Абай» журналдарында, «Сарыарқа» газетінде қызмет атқарды. Ақын көптеген лирика, философиялық толғау, дастан, роман жазды. Қазақ халқының өткен тарихынан мол хабар беретін еңбектер жазды. «Адасқан өмір», «Айтыс», «Кедей», «Кім жазықты», «Қамар сұлу» поэмалары мен романдарды жазып қалдырған. Ақын шығармаларына, оның ішінде «Адасқан өмірге» талдау жасағанда оның қоғамтану көзқарасын пайымдауға болады, яғни Сұлтанмахмұт дүниетанымының қалыптасуының бастауы қазақ халқының рухани қазынасы, төл тарихы, далалық ауызша тарихнама болып табылады. Осы еңбегінде әділдік, адамды адам қанамайтын қоғамдық құрылыс қажет деген пікірде болады. Қазақ қоғамында болып жатқан саяси процестерді бақылай отырып, олардың мәнін өз шығармаларында сипаттап, өзіндік баға беруге ұмтылған. Әсіресе ол «әділдік» жолы оқу, ағарту, тәрбие арқылы келеді деген ұстанымда болды. Өз халқының бойына әділдікті сіңіріп, сол арқылы еркін болуы адамның ары мен рухани дүниесінің егіз екендігін көрсетуге ұмтылған. Қазақ қоғамындағы теңсіздік, оның ішінде әйел құқығының болмауы, би-болыстар халық арасындағы қатынаста теңдіктік, әділеттіліктің жоқтығына қиналып, оны жою жолдарын өнер, ғылым, оқу, мәдениетті дамыту арқылы жетуге болатына сенеді. Ақын өз еңбектерінде «әділдікті» жырлағаны бүгін күнгі «адамға тұлға» деп қарау керек деген ұғыммен үндесіп жатқанын көруге болады. Адам еркін болуы әділетті демократиялық қоғамда орнаған жағдайда ғана іске асады, осыны ақын XX ғ. басында түсіне білді, XX ғ. басындағы өтпелі кезеңде, әсіресе Ақпан төңкерісі нәтижесінде «Бостандық, теңдік, әділеттілік» деген ұрандардың шығып, ел қандай бағытқа бет бұарын білмей тұрған уақытта қазақ зиялылары ел болып Құрылтай съезін өткізіп, халықтың болашағын қарастырып жатқан уақыт ықпалында Сұлтанмахмұт «Таныстыру» атты поэзиялық тарихи мәні мол еңбегі жарық көрді. Бұл шығарма қазақ елінің алдында тұрған сол кездегі «Кімнің соңынан ереміз, елін бастайтын көшбасшы бар ма?» деген жанды сұраққа жауап бергендей, сол сұрақты шешуде үлес қосқандай болды.

Ел бол, есінді жи, оян, қазақ, деген өміршең ойлар арқылы тәуелсіз ел болуды үміттеген қазақ зиялыларының еңбектерінде тәуелсіздік идеясы айқын көріне бастады. Оны поэмасындағы мына жолдардан көруге болады:

*Туғанда құдай иіп мұндай заман  
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.  
Тап біздің осы Семей облысының  
Көшбасшы адамдарын айтшы маған...—*

деген сұрақ қою арқылы тәуелсіздік жолына бастайтын тарихи тұлғаны көрсетуге ұмтылады. XX ғасырдың басында саяси күрестің ортасында жүрген, ұлтының тәуелсіздігі үшін күрескен Ә.Бөкейханов жайлы былай деп жазды:

*Ешкімнің Әлиханға барма сөзі,  
Демейді қандай қазақ оқ көзі.*

*Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,  
Талассыз жеке жара тұр зой өзі.  
Түймеге жарқылдаған алданбаған,  
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.  
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,  
Басқа ойды өмірінде малданбаған.  
Заманда басқан аяқ кері кеткен,  
Жасымай алашына қызмет еткен.  
Болсада қалын тұман қаранғы түн,  
Ататын бақ жұлдызына көзі жеткен... [14].*

Поэмадағы осы жолдар арқылы тарихи тұлғаны сипаттай отырып, қазақ қоғамындағы өзгерістің басталуын, қазақ халқының басынан өткен азапты өмір, құдалау, түрмеге жабылу сияқты қиындықты көрсете отырып, Уақытша үкіметтің берген жоғарғы лауазымды қызметіне алданбай, кезінде қазақтарға тәуелсіздік беру идеясына қарсы болған кадет партиясынан Бөкейхановтың шығып кетуі, оның жеке басы үшін емес, елі үшін бейнет көруі баяндалады. «Түймеге жарқылдаған алданбаған» деген өлең боларлық мәні де жоқ емес, халыққа берген уәделерін ұмыт жүрген депутаттарға да осы поэманы бір рет оқып шықса, артық болмас еді. Сұлтанмахмұт Ө. Бөкейханов, Ө. Ермеков, Х. Ғаббасұлы, тағы басқаларды таныстыру арқылы тәуелсіздік жолындағы күресті көрсете білді.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ө. Бөкейхановтарды қазақ халқының айы мен күніне теңеген. Осы шығармасында ұлт мақсаты — тәуелсіз болу, сол жолда жүрегін, жанын аямай жүрген Алаш азаматтарының бейнесін жасайды. Олардың еңбектерін көрсете білген ақын сол арқылы өзі де сол тәуелсіздік алу жолында күрескеннің көруге болады. Қазақ даласында құрылған «Алаш» партиясы құрылып, оның бағдарламасы қабылданған шақта қазақ зиялыларының ел бірлігі, жер жайы, болашақ тәуелсіз мемлекет құру туралы идеялары ақын жырларында жан-жақты берілген. Мемлекеттің болашағы жастар, олардың іскерлігі, білімділігі деп Президент Н. Назарбаев көрсеткендей, өз заманында елдің тағдырын шешетін, істерге білімді, ұлтжанды жас қазақ азаматтарының саяси сахнаға шығуы, олардың атқарған ерен еңбектерін көріп бағалай білді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров еңбегінде тәуелсіздіктің берік тұғыры, ұрпақтар сабақтастығы деген қағида өз орнын тапқан. Мысалы, Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы, оның қазақ еліне, жастарына жөн сілтеп, ұлт тіршілігіне араласып оқу, білім алудың қажеттігін көрсеткен еңбегінде былай айтылады:

*Ерте оянған кісінің біреуі осы,  
Бұл жұрттың түзеймін деп атұрғанын.  
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға  
Ақсақал бола алғандай осы кәрің.  
Қазақ деп жекелеме азамат де  
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс [15].*

Шәкәрім қажының ел тілегі татулық, бірлік екенін қазақ зиялыларының съезінде сөйлеген сөзінде көрсетті, ақын содан сабақ алып, өзі осы ойды жалғастыра білді. XX ғасырдың басындағы аласапыран уақытта ақын өзі сипаттаған, жырлаған қазақ зиялыларының ұлтының емес, руының мүддесін ойлаған (*Бүгіндегі зиялыларда бар емес пе?*), ел арасына ірткі салған істер де баяндалады. Олай болса, тәуелсіздік жолындағы күрестің тарих ғылымында әлі объективті бағасын алмай жатқанын ақын еңбегі аңғартады.

Ұлттық тұтастық және түрікшілдік идеяны дауылдата, тасқындата жырлаған ақындардың санында Сұлтанмахмұт Торайғыров ерекше орын алады. Оның өлеңдеріндегі ең өзекті мәселе, мақсат — түрік тарихы әлеміндегі тұлғалардың ерлік пен қайсарлыққа толы іс-әрекеттерін Батыс пен Шығысқа саяси билік жүргізген ата-бабаларының рухын жырлап, таныту арқылы ұлттық патриотизмді жандандыру, адамзат цивилизациясының, дамуының мешеу қалған қазақ халқын ұлы күреске шақыру еді. Сұлтанмахмұт Торайғыров түрікшілдікті былайша жырлайды:

*Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен,  
Бір кезде Европаны тітір еткен.  
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,  
Күн батыс, күн шығысқа өмірі жеткен.*

*Кешегі хан Шыңғыстың ұрпағына,  
Талай царь, талай князь тәжім еткен.  
Мен — қазақ, қазақпын деп мақтанамын,  
Ұранға Алаш деген атты аламын.  
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?*

Бүгінгі күнде Қазақстан халқының алдында 50 алдыңғы қатарлы ел қатарына қосылу мақсаты тұр. Оған жету тек бәсекеге қабілетті, білімді, өнерлі халқы бар елдің қолынан келеді. Жастарды оқу-білімге, ғылым үйренуге, жаман әдеттен аулақ болуға шақырады.

*...Тағы да қазақ байдың жастарына,  
Әулекі, ішпей болған мастарына,  
Білім өнер табуды керек қылмай  
Мәз болдың ырғақ-ырғақ басқанына.  
Тимеді сол себептен жалғыз, топшы  
Ғаламға еркіндік нұр Тас қонында.  
Қарасақ басқалардың жастарына,  
Өнер, ғылым толып тұр бастарында.  
Өзіне от, жел, суды жолмен қылып  
Алланың сайран етер аспанында.  
Ол заман неде болса өтті, кетті.  
Біздерді мұндай пейіл тентіретті.  
Өткендер қақсағанмен қайта келмес,  
Көз ашып, сөз қосатын уақыт жетті.*

Өткеннен сабақ алып, оқып, білім-ғылымды игеріп, адамзат тарихының прогресті жолына, оның ішінде ұлтының дамуына өз үлестерінді қос деп жырлаған. «Бір адамға» деген өлеңінде:

*Бір үйде жиюлы екен қазына мал,  
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:  
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,»  
Біздерде мынандай бар, мынадай бар!...[16].  
Кесені қолыма алып қарай бердім:  
«Ішінде нақақ көзден жас бар ма?»*

деген өлең жолдарынан оның халықтың еңбегімен — жинаған байлықты берудің именденуі әділетсіздік деген ой жатыр. Қоғамдағы әділетсіздік сынау ақын шығармаларының басты мақсаты болған.

Ақын өмір сүрген кезең — XX ғасырдың бас кезі азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа, әлеуметтік езгіге қарсы күресте халықтың азаттыққа, рухани жаңғыруға ұмтылуы С.Торайғыровтың еңбектерінде көрніс тапты. Ол елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына мәдениет пен прогреске ұмтылуын жақтады. Туған халқын феодалдық кертартпа салт-сананың, қараңғылықтың салдарынан ашып көрсетер өткір, сыншыл өлеңдер жаза отырып, халықты, ілгері ұмтылуға, өз тағдырын өзі жасауға қатысуға шақырды, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімемен, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді. Үмітті жастарға артып, олардың ел, қоғам алдындағы міндетін түсіндіреді. Оның «Оқып жүрген жастарға», «Талаптарға», «Оқуда мақсат не?» деген шығармаларында оқып білім алып, халқына қызмет ету идеясын, осы салада бірігіп күш қосу керек дейді.

Халқының прогреске жетуі тек оқу, білім деп түсінген ақын «Қараңғылықтың көгіне өрмелеп шығып күн болам» деп алға ұмтылады, білім алып, халыққа қызмет етуді арман, мақсат тұтады.

Ақын өлеңдерінде патшаның отаршылдық саясатын, ел әкімдерінің екі жүзді қылықтарын әшкерелейді.

Қорыта келе, осы шағын мақалада қазақ зиялыларының еңбектеріндегі ұлттық идея: әділеттік, бірлік, ұлттық тілді-мәдениетті дамыту, оқу, білім алу, басқа елдер мен терезесі тең болу деген мәселелерге талдау жасай отырып, олардың ұлы шығармаларынан қазақ халқының тарихы туралы ой-пікірлерін терең зерттеудің қажеттілігін көрсеттік.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Өзбекұлы С.* Арыстары Алаштың. — Алматы, 1998.
- 2 *Бөкейханов Ә.* Шығармалар // Сайлау. — 116 б.
- 3 *Бөкейханов Ә.* Шығармалар // Сайлау. — 5 б.
- 4 *Бөкейханов Ә.* Шығармалар. Алаш партиясы программасының жобасы. — 251 б.
- 5 *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. — Алматы, 1995; *Абжанов Х.М.* Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. — Алматы, 1992.
- 6 *Қойгелдиев М.К.* Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1907 жж. қоғамдық-саяси қызметі. — Алматы, 1994.
- 7 *Бөкейханов Ә.* Шығармалар // Қазақ депутаттары. — 241 б.
- 8 *Бөкейханов Ә.* Шығармалар // Алаштың Әлихань. — 90 б.
- 9 *Әбдіразақов Т.* Ғибратын ұмылтымас, Әли аға... // Орталық Қазақстан. — 1992. — 1 мамыр.
- 10 *Өскембаев Қ.С. Ә.Ә.* Ермаковтың қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметі (1891-1970 жж.) — Қарағанды, 2003.
- 11 *Сейфуллин С.* Тар жол, тайғақ кешу. — Алматы, 1977; *Әбсеметов М.* Жарқыраған Жанайдар // Білім және еңбек. — 1988. — № 10.
- 12 *Зиманов С.* Владимир Ильич Ленин және Қазақстандағы советтік ұлттық мемлекеттілік. — 1970.
- 13 *Құл-Мұхаммед М.* Алаш қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. — Алматы, 1998.
- 14 *Еспенбетов А.* Сұлтанмахмұт Торайғыров. — Алматы, 1992.
- 15 *Торайғыров С.* Шығармалар жинағы. — 2 т. — Алматы, 1993.
- 16 *Бісқақұлы Д.* Әдеби алыптар. — Астана, 2004.

Н.А.Бейсенбекова

### **Идея национальной независимости в трудах казахской интеллигенции начала XX века**

В статье на основе изучения трудов представителей казахской интеллигенции начала XX в. анализируется идея национальной независимости, рассматривается вопрос о необходимости развития национальной идеи на современном этапе. Автор подчеркивает, что независимость казахского народа — это, прежде всего, создание национального государства, сохранение казахского языка и духовного развития народа.

N.A.Beisenbekova

### **The idea of national independence in the works of Kazakh intellectuals of the beginning of XX century**

In article on the base of study of the Kazakh intelligentsia works of the beginning of twentieth century by author analyzes the idea of national independence, considers the issue of the need to develop the national idea at the present stage. The author underlines that the independence of the Kazakh people — it is foremost the creation of national state, preservation of the Kazakh language and the spiritual development of people.